

КӘСІПТІК БІЛІМ

Б. Баймұқанова, Ж. Батықова,  
Ш. Мұхтарова, А. Мұхсинова

# АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПРАКТИКУМЫ



FOLIANT



КӘСІПТІК БІЛІМ

Б. Баймұқанова, Ж. Батықова,  
Ш. Мұхтарова, А. Мұхсинова

# АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПРАКТИКУМЫ

*Оқу құралы*

3-басылым, стереотипті

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігі техникалық және кәсіптік  
білім беру ұйымдарына ұсынады*

**FOLIANT**  
БАСПАСЫ

Астана-2017

66085

УДК 811.111 (075-8)  
ББК 81.2 Англ.-923  
А 23

## АЛҒЫ СӨЗ

### *Пікір жазған:*

*Мейрамова С.А.* – педагогика ғылымдарының кандидаты

**А 23 Ағылшын тілі практикумы: Оқу құралы. 3-басылым, стеретотип./** Б. Баймұқанова, Ж. Батықова, Ш. Мұхтарова, А. Мұхсинова. – Астана: Фолиант, 2017. – 200 б.

**ISBN 978-601-302-675-6**

Оқу құралында ағылшын тілінің фонетикасы мен грамматикасы, лексикасы ереже, мәтін, жаттығу түрінде беріліп, сөйлеу, тыңдау, жазу, оқу дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыру көзделген.

Оқу құралы кәсіптік орта білім беретін оқу орындарына арналған.

УДК 811.111 (075-8)  
ББК 81.2 Англ.-923

© Баймұқанова Б., Батықова Ж.,  
Мұхтарова Ш., Мұхсинова А., 2008, 2010  
© «Фолиант» баспасы, 2008, 2010  
© Баймұқанова Б., Батықова Ж.,  
Мұхтарова Ш., Мұхсинова А., 2017  
© «Фолиант» баспасы, 2017

**ISBN 978-601-302-675-6**

Оқушыларға ана тілімен қатар шетел тілдерін, соның ішінде ағылшын тілін меңгерту – қазіргі заманның талабы. Сол мақсатта ағылшын тілі пәнінен маман даярлау – кәсіптік орта білім беретін оқу орындарының басты міндеті.

Бұл оқу құралы Қазақстан Республикасының педагогикалық және гуманитарлық колледждеріндегі «Ағылшын тілі практикумы» пәні бойынша жаңа бағдарлама талаптарына сай жазылып, ағылшын тілі пәнінен қазақ топтарының оқушыларына арналған.

Оқу құралында фонетикалық және грамматикалық ережелер, лексикалық бірліктер, тақырыптық мәтіндер, жаттығулар мен тесттер берілген.

Оқу құралы 2 тараудан және төмендегі бөлімдерден тұрады:

1. Кіріспе
2. Ағылшын тілінің дыбыстық құрылымы
3. Тақырыптық мәтіндер (Lesson 1-17)
4. Тесттер

Кіріспе бөлімінде ағылшын тілі дыбыстары, олардың айтылу ережелері мен жаттығулары берілген. Негізгі бөлім 19 сабақтан тұрады. Әр сабақта тақырыптық мәтін, фонетикалық және грамматикалық ережелер мен жаттығулар, сөйлеу дағдысын дамытуға арналған диалог, монологтар енгізілген. Әр сабақтың соңында мәтінге сай ағылшынша, қазақша сөздіктер берілген.

Бұл оқу құралы қазақ тілінде оқитын оқушы, студенттерге ағылшын тілін оқытуға ыңғайлы да тиімді құрал болады деген ойдамыз.

A a [ei]	N n [en]
B b [bi:]	O o [ou]
C c [si:]	P p [pi:]
D d [di:]	Q q [kju:]
E e [i:]	R r [a:]
F f [ef]	S s [es]
G g [dʒi:]	T t [ti:]
H h [eitʃ]	U u [ju:]
I i [ai]	V v [vi:]
J j [dʒei]	W w [ˈdʌblju:]
K k [kei]	X x [eks]
L l [el]	Y y [wai]
M m [em]	Z z [zed]

Ағылшын тілінің фонетикалық құрылысының өзіндік ерекшеліктері бар, сондықтан оны үйренушілер тілдің дыбыстық және интонациялық құрылымын оқып меңгергенде көптеген қиындықтарды кездестіреді. Шетел тілін үйренушінің басты мақсаты – тілдің дыбыстық құрамын меңгеру, дыбыстарды дұрыс айту және сол тілге төн интонациямен сөйлей білу.

Кез келген тілдің дыбыстық құрылысының негізіне дыбыстар (фонемалар) жүйесі жатады. Фонема – тілдің ең кіші дыбыстық бірлігі. Ағылшын тілінде сөзді құрайтын дыбыстар мен әріптердің саны сәйкес келе бермейді. Бұл ағылшын тілі орфографиясын меңгерудегі басты қиындықтың бірі. Мысалы: «daughter» – «қыз» деген сөзде 8 әріп болса, 4 дыбыс қана айтылады. Ағылшын тілінде 44 дыбыс, 26 әріп бар.

Ағылшын тілінің дыбыстарын айтуды меңгеру үшін әуелі сөйлеу мүшелері мен олардың жұмысымен танысу керек.

### Сөйлеу мүшелері

*Сөйлеу мүшелері* дегеніміз – тіл дыбыстарын жасауға қатысатын дыбыстау мүшелері. Дыбысты айту мүшелеріне ауыз, мұрын, тамақ және жұтқыншақ қатысады. Сөйлеу дыбыстарын жасаудағы дыбыстау мүшелерінің қызметін артикуляция дейміз.

Дыбысты айтқан кезде ауа ағыны әуелі тамақ қуысынан өтеді, онда дауыс шымылдығы орналасқан.

Дыбысты айтқан кезде үн шығатын болса, ондай дыбыстар дауысты дыбыстар деп аталады. Дауысты дыбысты айтқанда дауыс шымылдығы бір-біріне жақындайды, бірақ қосылмайды, ауа ағыны дыбыс шымылдығын қозғалысқа келтіреді.

Дауыссыз дыбыстарды айтқан кезде ауа ағыны толық кедергіге ұшырайды. Дауыссыз дыбыстарды айтқанда

үн мен шу қатар шығады. Тамақ қуысынан шыққан ауа ағыны көмекейге барады, содан кейін ауыз қуысына барады. Ауыз бен мұрын қуысы таңдай мен кішкентай тілше арқылы бөлініп тұрады.

Ауыз қуысындағы маңызды сөйлеу органдарының бірі – тіл. Тілдің негізгі бөлігі тілдің арқасы деп аталады. Дыбыстардың айтылуын дұрыс суреттеу үшін тілді шартты түрде мынадай бөліктерге бөлеміз: алдыңғы бөлік, тілдің ұшы, ортаңғы және артқы бөлік.

Тілдің жоғарғы шекарасы – қатты және жұмсақ таңдай, ол кішкене тілшемен аяқталады. Жоғары тістер мен қатты таңдайдың арасында альвеола деп аталатын төмпешіктер орналасқан. Сөйлеу мүшелеріне ерін және тістер де жатады.

Жалпы сөйлеу мүшелеріне дыбыстауға қатысатын мүшелерді жатқызады. Олар: дауыс шымылдығы, таңдай, ерін, тіл.

Белсенді емес дауыс мүшелері дыбыс жасауға тікелей қатыспайды, тек қана көмектеседі. Олар: тістер, альвеола, қатты таңдай.

## Фонема

Әр тілдің дыбыстық құрамы белгілі бір дыбыстардың көлемінен құралады.

Фонема – тілдің ең кіші, әрі қарай бөлінбейтін дыбыс бөлшегі. Фонема дыбыстың барлық қасиеттерін біріктіретін абстрактті ұғым. Фонема сөздердің дыбыстық құрамын анықтайды, сөздерді айыруға көмектеседі. Мысалы: **тан – таң, sit – pit.**

Фонема туралы айтқанда, біз оны жеке дыбыс ретінде қарастырамыз. Бірақ, сөз аяғында белгілі дыбыс бірдей айтылмайды. Дыбыстың өзгеруі сөздегі орнына, қасындағы дыбыстарға және епінге байланысты болады. Сондықтан дыбыс аллофондар түрінде қолданылады. Аллофон дегеніміз – дыбыстың нұсқалары. Мысалы: **ma – mo.**

Бірінші сөзде [m] дыбысы бейтарап, одан кейін [a] дыбысы тұр, ал екінші жағдайда [m] дыбысынан кейін өріндік [o] дыбысы тұр, сондықтан [m] дыбысын айтқанда өрін де қатысады.

## Транскрипция

Дыбыстарды жазбаша белгілеу үшін фонетикалық транскрипцияның арнайы белгілері қолданылады. Ағылшын тілінде 26 әріп болса, 44 дыбыс бар. Олардың 20-сы – дауысты дыбыс. Әріп арасындағы алшақтық, өсіресе, дауысты дыбыстарда болады. Мысалы, 6 дауысты өріптің әр түрлі 20 дауысты дыбыс нұсқаулары бар. Сондықтан әр түрлі орында тұрған өріп әр түрлі оқылады. Мысалы, е өріпі ашық буында [i] болып оқылса, жабық буында [e] болып оқылады.

Фонетикалық транскрипцияны жазу үшін фонетикалық шартты белгілер қолданылады. Олар квадрат жақшаға алынып жазылады. Фонетикалық транскрипция символдарын алғаш ұсынған – француз фонетисті Пол Пасси.

Фонетикалық транскрипцияда сөз дыбыстарының ұзақтығы ұзақ айтылатын дыбыстан кейін тұратын (:) белгісімен көрсетіледі.

## Дауысты және дауыссыз дыбыстар

Тілдің дыбыстары дауысты және дауыссыз болып өкіге бөлінеді. Дыбыстағанда шығатын ауа ағыны өзінің жолында бір-біріне жақын тұрған дауыс шымылдығын қозғалысқа келтіреді. Осыдан келіп дауыс немесе мұнықалық әуен шығады. Ауа ағыны өз жолында кедергіге кездеспесе, дауысты дыбыстар айтылады. Ал ауа ағынының жолында кедергі болса, дауыссыз дыбыстар айтылады.

Дауысты дыбыстарды айтқанда үн шығады. Ал дауыссыз дыбысты айтқанда шу мен үн қатар шығады.

## Дауысты дыбыстардың топтастырылуы

Дауысты дыбыстардың жіктелуі мынадай қағидаларға негізделген:

- 1) Тілдің орналасу ерекшеліктері;
- 2) Еріннің орналасу ерекшеліктері.

Тілдің түрлі бөлігінің таңдайға көтерілуіне байланысты дауысты дыбыстар былай бөлінеді:

– алдыңғы қатардың дауыстылары, бұларды айтқанда тілдің ортаңғы бөлігі көтеріледі (мысалы: [i], [e]).

– ортаңғы қатардың дауыстылары, бұларды айтқанда тілдің ортаңғы және артқы бөлігі көтеріледі (мысалы: [a]).

I. Тілдің түрлі бөліктерінің көтерілу деңгейіне байланысты дауысты дыбыстар төмендегідей топтарға бөлінеді:

1. Жоғары көтерілу деңгейі бар дауыстылар, бұларды айтқанда тіл таңдайға жоғары көтеріледі. Олар мына дыбыстар: [i, u, i, u].

2. Орташа көтерілу деңгейі бар дауыстылар, онда тіл таңдаймен екі ортада тұрады. Ол мына дыбыс: [e].

3. Төменгі көтерілу деңгейі, бұларды айтқанда төменгі жақ төмен түседі. Мысалы: [a:].

II. Еріннің орналасу жағдайына байланысты дауыстылар еріндік және еріндік емес болып бөлінеді. Еріндік дауысты дыбыстарды айтқанда ерін дөңгеленеді. Еріндік емес дыбыстарды айтқанда ерін бейтарап күйде қалады. Олар мынадай дауыстылар: [a], [z:].

Қазақ тілімен салыстырғанда, ағылшын тілінің дыбыстары ұзақ және қысқа болып бөлінеді. Ағылшын дауысты дыбыстарының ұзақтығы өзгермелі болады. Ашық буындағы дауысты дыбыс ұзақ айтылады, ал ұяң дауыссыздың алдында қысқарақ айтылса, жабық буында мүлде қысқа айтылады. Мысалы: [bi: – bi-d – bit].

III. Жасалу тұрақтылығына байланысты дауысты дыбыстар үш топқа бөлінеді:

1. Монофтонгтар. Монофтонгтарды айтқан кезде дыбыстың айтылуы өзгермейді, яғни бір ғана дыбыс айтылады. Мысалы: [i].

2. Дифтонгтар. Дифтонгтар екі әр түрлі элементтен құралады: негізгі және күшпен айтылатын – ядро және жай айтылатын екінші элемент. Мысалы: [au] – a – ядро, u – екінші элемент.

3. Дифтонгоидтар. Дифтонгоидтарды айтқанда, артикуляция дыбыстың басында және аяғында әр түрлі болады. Дифтонгоидтар мыналар: [i:, u:].

Қазақ тілінің дифтонгоидтары – [u, y].

## Дауыссыз дыбыстардың топтастырылуы

Ағылшын тілінің дауыссыз дыбыстары мынадай қағидалар бойынша топталады:

- 1) Кедергінің қалыптасу әдісіне қарай;
- 2) Сөйлеу мүшелерінің жұмысы мен кедергінің қалыптасу орнына қарай;
- 3) Дауыс шымылдығы жұмысына байланысты.

Дауыссыз дыбыстарды айтқанда, өкпеден шыққан ауа кедергіге ұшырайды, оларды айтқанда үн бөсең болады.

Ағылшын тілінде дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына байланысты ұяң және қатаң дауыссыздар болып бөлінеді. Ұяң дауыссыздарды айтқан кезде үннен төрі салдыр басым болады. Ал қатаң дауыссыздар шудан, салдырдан тұрады.

Кедергінің қалыптасу әдісіне байланысты дауыссыздар төрт топқа бөлінеді:

- 1) Айқасатын;
  - 2) Қуыстық;
  - 3) Аффрикаттар;
  - 4) Діріл дауыссыздар.
- Айқасатын дыбыстарды айтқанда дауыс мүшелері бірі біріне толықтай тиеді және ауа жолында толық кедергі жасайды. Кедергі жойылған кезде ауа ағыны жарылыс

жасайтын болса, ондай дауыссыздар *жарылысты дауыссыздар* деп аталады, олар тек ағылшын тілінде болады. Олар: [k], [g], [p], [b].

Егер ауа ағыны мұрын қуысы арқылы өтсе, онда айтылатын дыбыстар мұрындық дауыссыздар деп аталады. Олар – [m], [n], [ŋ] дыбыстары. Қуыстық дауыссыздарды айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне тимейді. Жай ғана жақындайды. Егер қуыс өте кең болмаса, онда дыбыс ызыңмен шығады, мұндай дыбыстарды ызың дауыссыздар деп атайды. Олар мыналар: [f], [v], [h], [tʃ]; қазақ тілінде – [ж], [h], [x], [ш], т.б.

Діріл дауыссыз [r] тілдің дірілдеген ұшымен айтылады.

Дыбыстау мүшелерінің жұмысы мен кедергінің орнына байланысты дауыссыз дыбыстар былай бөлінеді: *еріндік және тілдік*.

Еріндік дауыссыздар мынадай топтарға бөлінеді:

- а) еріндік-еріндік;
- ә) еріндік-тістік.

Еріндік-еріндік дыбыстарды айтқанда жоғары және төменгі еріннің бір-біріне тиюі арқылы кедергі жасалады. Бұл топқа ағылшын тілінде [p], [b], [m], [w] дыбыстары, ал қазақ тілінде [п], [м], [б] дыбыстары жатады.

Еріндік-тістік дауыссыздар. Бұларды айтқанда жоғарғы тістер мен төменгі еріннің жақындасуы арқылы кедергі жасалады. Олар – [f], [v] дыбыстары.

Тілдік дауыссыздар мынадай үш топқа бөлінеді:

- 1) Тіл алды;
- 2) Тіл ортасы;
- 3) Тіл арты арқылы айтылатын дауыссыздар.

Тіл алды дыбыстарын айтқанда кедергі тілдің ұшы арқылы жасалады. Бұл дыбыстардың өздері:

- а) Дорсалды;
- б) Апикалды;
- в) Какуминалды болып бөлінеді.

Дорсалды дауыссызды айтқанда тілдің ұшы белсенді емес және түсіп тұрады, ал апикалды дауыссыздарды

айтқанда, тілдің ұшы өте белсенді. Олар [l], [n], [z], [θ] дыбыстары және какуминалды дауыссыздарды айтқанда, тілдің ұшы артқа сәл қайырылады. Олар – [p], [r] дыбыстары.

Альвеолға тию арқылы айтылатын дауыссыздар *альвеолдық дауыссыздар* деп аталады. Олар – [t], [d], [n] дыбыстары.

Тілдің ортасы арқылы айтылатын дыбыстар тілдің ортасы бөлігін қатты таңдайға көтергенде айтылады. Олар [j], [u] дыбыстары.

Тілдің артқы бөлігі арқылы айтылатын дыбыстар тілдің артқы бөлігін жұмсақ таңдайға көтеру арқылы шығалады. Сондықтан олар таңдай арты (велярлық) дыбыстар деп аталады. Олар: [k], [g], [h], ал қазақ тілінде [к], [г], [х].

Дауыс шымылдығының жұмысына байланысты дауыссыз дыбыстар *ұяң* және *қатаң* болып бөлінеді.

Ұяң дауыссыздарды айтқан кезде дауыс шымылдығы дірілдейді. Олар: [r], [b], [ŋ]. Қатаң дауыссыздарды айтқан кезде, дауыс шымылдығы қозғалмайды, сондықтан үн де шықпайды. Олар: [p], [f], [θ], [n].

Ағылшын тілінде сөздің соңындағы қатаң дауыссыздар толық айтылады, ал ұяң дауыссыздар сөздің соңында шөге айтылады.

## LESSON ONE

*Фонетика: [k], [g], [t], [d], [n], [s], [z] дауыссыз дыбыстары.*

*[i], [e] дауысты дыбыстары.*

*Ассимиляция. Сөздік екпін. Палатализация.*

*Дауысты дыбыстардың сөздегі орнына байланысты ұзақтығы.*

*Аспирация.*

1. [k], [g] – тіл арты, айқасатын жарылысты дауыссыздар. [k], [g] дыбыстарын айтқанда, тілдің арты жұмсақ таңдайға тиеді, толық кедергі жасайды. Ауа ағыны осы кедергіні жарып өтеді. Ағылшынның [k] дыбысы қазақ тілінің [к] дыбысына қарағанда күштірек аспирациямен айтылады. [g] – ұяң дауыссыз, қатаң дауыссыз [к]-мен салыстырғанда әлсіздеу айтылады және қазақ тілінің [г] дыбысымен салыстырғанда әлсіремейді.

2. [t], [d] – тіл алды, апикалды-альвеолдық, айқасатын жарылысты дауыссыздар. Бұл дыбыстарды айтқанда, тілдің ұшы альвеолға тиеді, толық кедергі жасайды, тілдің орталық және артқы бөлігі төмен түседі. Ауа ағыны осы кедергіні жарып өтеді. Ағылшын қатаң дауыссызы [t] қазақтың [т] дыбысынан күштірек және аспирациямен айтылады. [t], [d] дыбысы сөздің соңында жартылай әлсірейді.

3. [n] – тіл алды, апикалды-альвеолды, айқасатын мұрынды сонант. Бұл дыбысты айтқанда дыбыстау мүшелерінің жұмысы [t], [d] дыбыстарына ұқсас болады. Бірақ жұмсақ таңдай түсіп тұрады, ауа мұрын қуысы арқылы өтеді. Қазақ тіліндегі [н] дыбысы үнді дауыссыз дыбысқа жатады.

4. [s], [z] – тіл алды, апикалды-альвеолды қуыстық шулы дауыссыздар. Бұл дыбыстарды айтқанда, тілдің ұшы мен альвеол арасында жіңішке қуыс қалады. Ағылшын [s] дыбысы күштірек айтылады. [z] дыбысы [н] дыбысынан әлсіздеу айтылады. Ағылшынның [s], [z] дыбыстарымен салыстырғанда, қазақ тілінің [с], [з] дыбыстары тіске жақын айтылады. [с] – қатаң, [з] – ұяң дауыссыз.

5. [i] – монофтонг, алдыңғы қатарлы, жоғары деңгейлі, қысқа, ерінді емес. [i] дыбысын айтқанда, тіл ауыз қуысының алдыңғы бөлігінде болады. Тілдің ортаңғы бөлігі қатты таңдайға көтеріледі (ал қазақ тілінің [и] дыбысын айтқанда, тіл жоғарыға көтеріледі). Тілдің ұшы төменгі тіске жақын, еріндер сәл созылған. [i] дыбысын дұрыс айту үшін тілді жоғары көтермеу керек. Ерінді созып, дыбысты қысқа айту керек.

### Ассимиляция (Ықпал)

Сөзағынында әр дыбыс өзінің қасындағы дыбыстардың өсерінен көптеген өзгеріске ұшырап отырады. Сөз ағынында осылайша дыбыстардың аллофондары қолданылады. Аллофондардың артикуляциясы жеке фонемалардың артикуляциясынан өзгеше болады.

Әр дыбысты айту үдерісі бірнеше кезеңнен тұрады:

*Экскурсия* – дыбыстау мүшелерін дыбысты айтуға өмірлеу кезеңі.

*Негізгі* – дыбыстарды айту кезеңі, мұнда дыбыс мүшелері сол дыбысқа тән қалыпты сақтайды.

*Рекурсия* – бұл кезеңде дыбыстау мүшелері бұрынғы қалпына оралады.

Сөйлегенде дыбыстар бір-бірімен тығыз байланысқа түседі, бірінші дыбыстың соңғы айту кезеңі екінші дыбыстың бірінші кезеңімен астасып кетеді. Сөз ағынында дыбыс артикуляциясының қасындағы дыбыстар өсерінен толық және жартылай өзгеруін ассимиляция деп атайды.



Ассимиляцияны әр түрлі белгілерге қарап бөлуге болады:

- бағытқа байланысты;
  - еріннің жұмысына байланысты;
  - дауыс шымылдығының жұмысына байланысты;
- Бағытқа байланысты ассимиляция:
- прогрессивті (ілгерінді);
  - регрессивті (кейінді);
  - тоғыспалы болып (өзара ықпал жасау) бөлінеді.

Ілгерінді ықпалда алдыңғы дыбыс өзінен кейінгі дыбысқа әсер етеді. Мысалы: **what's [wɒts]: a** дыбысы **wh**-кейін **o**-қысқа айтылатын дыбысына айналды; **t's** ц тәрізді қатаңданады және бір дыбыс болып айтылады.

Кейінгі ықпалда соңғы дыбыс өзінің алдындағы дыбысқа әсер етеді. Мысалы: **in the [in ðə]: n-** дыбысы арқылы альвеолдық болады, солайша **tenth [tenθ]**.

Ал тоғыспалы ықпалда дыбыстар бір-біріне әсер етеді де, екеуі де өзгереді. Мысалы: **twice [twais]. [t]** дыбысы **[w]** дыбысының әсерінен ерінденеді, ал **[w]** дыбысы **[t]** дыбысының әсерінен жартылай қатаңданады.

Ассимиляцияның әсерінен дауыс шымылдығының жұмысы да өзгеруі мүмкін. Мысалы: **eats [i:ts]** сөзінде **[t]** әсерінен **[s]** дыбысы қатаңданады, ал **gives [givz]** сөзінде **[v]** дыбысының әсерінен **[s]** ұяңданады.

Ассимиляция құбылысы қазақ тілінде де кездеседі. Олар ілгерінді, кейінді болып бөлінеді. Қазақ тілінде сөздің соңғы дыбысы үнді немесе ұяң дауыссыз болса, оған жалғанатын қосымша да үнді не ұяң дыбыстан басталады. Мысалы: **қаз-дар.**

Ал кейінді ықпалда **п, к, ң** дыбысына аяқталған сөздерде қосымша жалғағанда **п, – б, к – г, қ – ғ** дыбыстарына өзгереді. Мысалы: **тарақ – тарағы.**

## Екпін. Сөздік екпін. Фразалық екпін

Сөйлеу ағынында сөйлегенде барлық сөздерге бірдей екпін түспейді. Екпін дегеніміз – белгілі бір буынды, сөзді, сөз тіркесін басқа сөздермен салыстырғанда анық, күшті дауыспен бөліп алып айту. Екпін – интонацияның маңызды бөліктерінің бірі.

**Сөздік екпін** дегеніміз – бір немесе бірнеше буынды бөліп, анықтап айту. Екпін белгісі ретінде екпінді буынның алдына ['] қойылады. Мысалы: [ ' k i t i ].

**Фразалық екпін** (сөйлемдік екпін) дегеніміз – сөйлемде бір немесе бірнеше сөзді басқа сөздермен салыстырғанда анық бөліп айту. Ағылшын сөйлемінде негізгі сөздер екпінді болады. Негізгі сөздерге зат есім, сын есім, сан есім, етістіктер, үстеулер, сұрау және сілтеу өсімдіктері жатады. Ал артикльдер, шылаулар, көмекші сөздер, көмекші және модальды етістіктер, кейбір өсімдіктер екпінсіз болады. Мысалы: **Sa'mat is busy.**

Ағылшын және қазақ тілдерінің екпіндік жүйесінің айырмашылықтары үйренушілер үшін көптеген қиындықтар туғызады. Үйренушілер көбінесе жіктеу, тәуелді өсімдіктерді, көмекші етістіктер мен көмекші сөздерді екпінмен айтады, ал бұл ағылшын сөйлемінің ырғағын және мағынасын бұзады.

## Палатализация

**Палатализация** дегеніміз – дауыссыз дыбыстарды солардан кейін айтылатын дауысты дыбыстардың әсерінен жұмсартып айту. Палатализация дауыссыздарды айтқанда, тілдің ортаңғы бөлігін таңдайға көтеру арқылы жасалады.

Ағылшын дауыссыз дыбыстарының көпшілігі жұмсартусыз қатты айтылады. Дауыссыздарды қатты (палатализациясыз) айту үшін тілдің ортаңғы бөлігін төмен түсіріп айтып, одан кейін дауысты дыбысты айту қажет. Ағылшын тілінде **[s], [z]** дауыссыздарынан басқалары жұмсартуға ұшырамайды.

**Дауысты дыбыстардың сөздегі орнына байланысты ұзақтығы**

pʌb	bʌk	rob
pɪk	bɪ:k	sob
pət	bət	tʌb
pʊt	bæt	kæb

Дауысты дыбыстардың ұзақтығы олардың сөздегі орнына байланысты болады. Екпінді дауысты дыбыстар сөздің соңында өте ұзақ айтылады, ал ұяң дауыссыздар алдында ұзағырақ, қатаң дауыссыздар алдында қысқа айтылады.

**1-фонетикалық жаттығу**

did	sit	siti	sit – sid	big
dig	nik	tiki	tik – dig	bit
kid	kis	kit	tik – tig	pik

[θ], [ð] – тіл алды, апикалды тісаралық, қуысты, шулы дауыссыздар. Бұл дыбыстарды айтқанда, тіл тегіс қатты емес, тілдің ұшы тістің аралығында болады. Ауа ағыны тіл мен жоғарғы тіс аралығынан өтеді. Тістер ашық тұрады.

Ұяң [ð] қатаң [θ]-дан гөрі әлсіздеу айтылады. Қазақ тілінде бұларға ұқсас дыбыстар жоқ.

**2-фонетикалық жаттығу**

θθθ – ððð	θθθ – θin	ʰθʌrə	θʌm
sss – θθθ	θθθ – θik	θo:n	θisl
ððð – θθθ	ððð – ðis	ðæt	
zzz – ððð	ððð – ði:z	ðouz	
sin – pin – tin			
sik – pik – tik			

[p], [b] – еріндік-еріндік, айқасатын, жарылысты дауыссыздар. Бұл дыбыстарды айтқанда еріндер бір-біріне тиіп, толық кедергі жасайды.

Қазақ тіліндегі [п] дыбысымен салыстырғанда ағылшынның [p] дыбысы аспирациямен және сөздің соңында күшті айтылады. Ағылшын дыбысы [b] сөздің соңында жартылай қатаңданады.

**Аспирация**

Ағылшынның қатаң айқасатын дауыссыз [p], [k], [t] дыбыстары аспирациямен айтылады.

Аспирация дегеніміз – дауыссыз дыбыстан дауысты дыбысты айтуға көшкендегі жеңіл дем шығару құбылысы. Бұл дауыссыздар үлкен ауа ағымының күшімен айтылады. Бұл құбылыс, әсіресе, екпінді ұзақ дауысты дыбыстың алдында анық байқалады, ал екпінсіз дауысты дыбыстың алдында әлсіздеу болады. Егер дауысты дыбыстың алдында [s] дыбысы тұрса, не осы дыбыстан кейін басқа дауыссыз дыбыс кездессе, аспирация мүлдем болмайды. Мысалы: [spi:k], [pli:z]. Қазақ тілінде аспирация құбылысы жоқ.

[m] еріндік-еріндік, айқасатын мұрындық сонант. [m] дыбысын айтқанда ерін толық айқасып, толық кедергі жасайды, жұмсақ таңдай түсіп тұрады, ауа ағыны мұрын қуысынан өтеді.

[e] алдыңғы қатарлы, орташа деңгейлі, қысқа ерінді дыбыс монофтонг. [e] дыбысын айтқанда, тіл ауыз қуысының алдыңғы бөлігінде болады. Тілдің ұшы төменгі тістерге, тілдің ортаңғы бөлігі таңдайға көтерулі, ерін сәл тартылған болады. Қазақ тіліндегі [e] дыбысын айтқанда, тілдің ортаңғы бөлігі төмен болады, ерін керілмейді.

**3-фонетикалық жаттығу**

ten	get	en	det – ded	sit – set
pen	pet	eg	bet – bed	bit – bet
men	met	et	set – sed	big – beg

66085

### Тапсырмалар:

1. 1, 2, 3-жаттығуларды айнаның алдында отырып, тіл, ерін, тіс орналасуына назар аударып, бірнеше рет қайталаңыз.

2. Мына сөздердің транскрипциясын жазыңыздар және оқыңыздар:

Fee, see, pen, bit, bed, peas, peace, thorn, these, bet, bat, sit, pick.

## LESSON TWO

*Фонетика: [l], [f], [v], [j] дауыссыз дыбыстары. [ə] дауысты дыбысы.*

*Интонация. Мелодиялық тондар. Ритм.*

*Каллиграфия: Nn, Ss, Mm, Ff, Ll әріптерінің жазылуы*

1. [l] – тіл алды, апикалды-альвеолдық сонант. Бұл дыбысты айтқанда тілдің ұшы альвеолға тиеді, тілдің **өкі** жағы төмен түседі, ауа ағыны осы тілдің екі жағынан **өтеді**. Ал қазақ тіліндегі [л] дыбысын айтқанда тілдің **ұшы жоғарғы** тістерде тұрады.

### *Латералды жарылыс*

Егер [l] сонантының алдында жарылысты альвеолды дауыссыз дыбыс келсе, ол [l] дыбысымен бірге айтылады. Ол үшін тілдің ұшын альвеолдан алмау керек. Дауыссыз дыбыстың жарылысы [l] дыбысын айтқаннан кейін болады. Бұл жағдайда сонант өздігінен буын құрай алады.

### 4-фонетикалық жаттығу

les – sel	lik – kil	setl
let – tel	lit – til	ketl
lip – pil	lili – litl	

Ескерту: жаттығуды орындағанда:

а) [l] дыбысын айтқанда, оның апикалды-альвеолды артикуляциясына назар аударыңыз;

ә) [l] дыбысының алдындағы [t] дыбысының латералды жарылысына назар аударыңыз.

2. [f], [v] – ерінді-тістік, қуыстық фрикативтік дауыссыздар. Бұл дыбыстарды айтқанда жоғарғы ерін мен төменгі тістер бір-біріне тиеді. Ұяң дауыссыз [v] қатаң дауыссыз [f] дыбысына қарағанда әлсіздеу айтылады.

3. [j] – тіл орталық, қуыстық орташа сонант. Бұл дауыссыз дыбысты айтқанда тілдің орталық бөлігі қатты таңдайға көтеріледі. Тілдің ұшы жоғарғы тістерге тиеді, ауа тілдің ортасы арқылы өтеді.

### 5-фонетикалық жаттығу

fil	liv
def	'velvit
'definit	'sevn
in'definit	i'levn

**Ескерту:** жаттығуларды орындағанда мыналарға назар аудару керек: [i], [e] дауыстылары алдында палатализацияның жоқтығына;

[v̥n] дыбыстарының бірге айтылуына.

[ə] – нейтральды екпінсіз, аралас қатардың монофтонгі, қысқа еріндік емес. Бұл дауысты айтқанда тіл көтеріліп тұрады. Бұл дыбыс қысқа айтылады, артикуляциясы анық емес. Мысалы: ['kʌvə], bigger ['bigə], mirror ['mirə].

### Интонация

Сөйлеуде сөздер мағыналық топтарға немесе синтагмаларға бөлінеді. Бір сөйлемде бір немесе бірнеше мағыналық топ болуы мүмкін. Әрбір синтагма белгілі бір интонациямен айтылады.

*Интонация* дегеніміз – сөйлеу әуенінің, фразалық екпінінің, ырғақтың, тембр мен сөйлеу жылдамдығы-

ның бірігуі. Интонацияның белгілі бір мақсаты және төрт негізгі қызметі бар:

1) Сөйлемді құрастырады;

2) Сөйлемнің мағыналық орталығын анықтайды;

3) Сөйлемнің түрін анықтайды (хабарлы, сұраулы, деңгі, т.б.);

4) Сөйлеушінің көзқарасын білдіреді.

Интонацияның негізгі компоненттері: сөйлеу әуені, фразалық екпін және ритм.

Интонацияны графикалық белгілер арқылы жазып көрсетуге болады. Интонацияны графикалық белгілер арқылы жазып көрсетуді *монограмма* дейміз.

Тонограммада мынадай белгілер қолданылады:

1. \_\_\_\_\_ параллель екі көлденең сызық, бұлар дауыс диапазонының жоғарғы және төменгі шекарасын көрсетеді;

2. – сызықша белгісі екпінді және жартылай екпінді буындарды білдіреді;

3. · нүкте екпінсіз буынды білдіреді;

4. ' төмен қарай түсетін дөңес сызықша соңғы екпінді буындағы дауыстың төмен түсетінін көрсетеді;

5. жоғары көтерілетін қисық сызықша соңғы екпінді буындағы дауыстың жоғары көтерілетінін көрсетеді.

Шкалада мынадай буындарды бөліп көрсетуге болады.

1. Алғашқы екпінсіз буындар (pre-head), бұлар екпінді буынмен салыстырғанда төмен айтылады. Мысалы: I 'like 'this book: I – pre-head.

2. Бірінші екпінді буын (head) бұл синтагмадағы ең жоғары айтылатын буын және біртіндеп көтерілетін не түсетін буындардың соңғы екпінді буынға дейінгі тізбегі. Мысалы: 'People 'like 'this book: 'People – head.

3. Соңғы екпінді буын, ең күшті буын ядро деп аталады. Мысалы: I 'like 'this book: book – ядро.

1. Ядродан кейінгі келетін екпінсіз буындар (tail) *құйрықша буын* деп аталады. Мысалы: He is clever: clever

[klevə] – екі буыннан тұрады, бірінші буынға екпін түсіп (kle), екінші буынға түспейді (və), сондықтан ол – tail.

Ағылшын тілінде шкаланың бірнеше түрлері бар:

1. Біртіндеп төмендейтін шкала: **He's clever.**
2. Біртіндеп көтерілетін шкала: **Is he clever?**

### Мелодиялық тондар

Мелодиялық тондар жеті негізгі типке бөлінеді:

1. Төменнен түсетін тон – Low Fall.
2. Жоғарыдан түсетін тон – High Fall.
3. Көтерілетін-түсетін тон – Rise-Fall.
4. Төменнен көтерілетін тон – Low Rise.
5. Жоғарыдан көтерілетін тон – High Rise.
6. Түсетін-көтерілетін тон – Fall-Rise.
7. Тегіс тон – Level.

Әр мелодиялық тон сөйлеушінің белгілі бір көзқарасын білдіреді, сөйлеудің белгілі бір коммуникативті түрлерін жасауға қолданылады. Төмен түсетін тондардың бәрі ойдың аяқталғандығын білдірсе, жоғары көтерілетін тондар ойдың аяқталмағандығын, күдікті, сенімсіздікті білдіреді.

Интонацияны үйрену үшін оқулықта интонациясы белгіленген сөйлемдер мен мәтіндер үлгілері беріледі.

**Интонацияның белгілері:**

Екпінді буын – буынның алдыңғы жоғарғы жағындағы вертикалды сызықша арқылы белгіленеді.

Қосымша екпін – буынның алдыңғы төменгі жағындағы сызықша арқылы беріледі.

*Compo sition.*

Төменнен түсетін тон – сөздің төменгі жағындағы көлбеу сызықша арқылы белгіленеді.

*It's me.*

Жоғарыдан түсетін тон – сөздің жоғарғы жағындағы көлбеу сызықша арқылы белгіленеді.

*It's me.*

Көтерілетін-түсетін тон – буынның алдындағы мынадай белгімен белгіленеді.

*Perfectly.*

Төменгі көтерілетін тон – буынның төменгі жағындағы көлбеу сызықшамен белгіленеді.

*Very well.*

Жоғары көтерілетін тон – буынның алдындағы көлбеу сызықшамен белгіленеді.

*Is it' cold?*

Түсетін-көтерілетін тон – буынның алдындағы мынадай белгімен белгіленеді.

*Is it~ cold?*

Тегіс тон – буынның алдындағы «→» белгісімен белгіленеді.

Екпінді буынның алдындағы ↓ белгі, осы буынның өкпінсіз буынмен салыстырғанда, жоғары тонда айтылатынын білдіреді.

Синтагмалар арасындағы пауза бір тік сызықпен – •|•, синтагмадан кейінгі пауза, яғни синтагманың соңы (нүкте) екі тік сызықпен белгіленеді: «||».

### Ритм (ырғақ)

Интонацияның негізгі компоненттері фразалық екпін мен ритм, тембр мен темп болып табылады. Ағылшын тілінің интонациясын меңгеруде, әсіресе, ағылшын сөйлемінің ырғағын меңгеру керек. Ағылшын сөйлемі ырғағының өзіне тән ерекшеліктері бар. Екпінді буындар белгілі бір уақыт аралығында қайталанып келіп отырады. Мұның нәтижесінде екпінді буындар аралығындағы өкпінсіз буынның дауысты дыбысының ұзақтығы кемиді. Егер өкпінсіз буындар көп болса, олар жылдамырақ айтылады, аз болса жайырақ айтылады. Осы қасиет ағылшын сөйлеміне өзіндік ырғақ береді. Ағылшын сөйлемінде қанша екпінді буын болса, сонша ырғақтық топ бола-

ды. Бірғақтық топ бір екпінді 2-3 екпінсіз буындардан тұрады. Мысалы:

It is a lovely day.

He is very busy.

[j] – тіл ортасы, қуыстық, орташа сонант. Бұл дауыссыз дыбысты айтқанда тілдің орталық бөлігі қатты таңдайға көтеріледі. Тілдің ұшы жоғарғы тістерге тиеді, ауа тілдің ортасы арқылы өтеді.

### 6-фонетикалық жаттығу

et – jetes – jes

el – jeljes / it iz

### 7-фонетикалық жаттығу

→ 'iz 'ðis – sentəns || - jes / ' ðis iz ||

→ 'iz it ə 'difikəlt ,sentəns || - jes / it iz ||

### 8-фонетикалық жаттығу

→ kiti iz siks

→ beki iz sevn

→ tedi iz ten

misiz nelsən iz siksti siks

↗ iz kiti siks

↘ iz beki sevn

↗ iz tedi ten

↗ iz misiz nelsən siksti siks

### Ескерту:

1. Төменге түсетін тондағы дауыстың біртіндеп төмендеуі.

2. Төменнен көтерілетін тондағы дауыстың төменнен бастап көтерілуі сыпайы тонмен айту түріне ұқсас.

Nn [en], Mm [em], Ss [es], Ff [ef], Ll [el] әріптері былай жазылады: Nn, Mm, Ss, Ff, Ll.

### Жаттығулар

1. Интонацияны ескере отырып, мына фразаларды оқыңыз:

[jes] [kiti] [ted] [iz it]

[bil] [iz it ten] [mis kiti] [iz mis smiθ siksti]

2. Мына сөйлемдерді әуелі түсетін (хабарлы) тонмен, сосын көтерілетін (сұраулы) тонмен сөйлем түрінде оқыңыз:

[jes] [mis kiti]

[kiti] [ted]

3. Мына әріптерді 10-15 рет жазып жаттығыңыз.

**Mm, Nn, Ss, Ff, Ll.**

4. Берілген үлгіні пайдалана отырып, сөздер мен сөйлемдер құрастырыңыз.

Үлгі: 1. This is Daniyar.

Erzhan, Erlan, Akerke.

5. Мұғалімнің сұрағына үлгі бойынша жауап беріңіз:

Үлгі: Teacher: Who is reading the text?

Student: Madiar (Nazim, Nazerke, Berik) is reading the text.

1. Жаттығуларды айнаның алдында бірнеше рет оқыңыз. (15-б., 16-б., 21-б., 22-б.)

2. Жаттығуды таспаға жазып, тындап, қатеңізді түзеңіз.

3. Сөздердің транскрипциясын жазыңыз:

Day, lovely, Nazerke, Baurzhan, Daniyar.

## LESSON THREE

1. *Фонетика i, o, u: дауысты дыбыстары. Мұрындық жарылыс (nasal plosion)*

2. *Жарылысты жоғалту (loss of plosion). Редукция. Каллиграфия: Oo, Cc, Ee, Dd, Pp, Bb, Rr, Tt, Vv.*

*Оқу ережелері: e, o әріптерінің бірінші, екінші буынның түрлерінде оқылуы.*

1. [i:] – ұзақ еріндік емес, алдыңғы қатардың жоғарғы деңгейдің дифтонгоиды.

[i:] дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының алдыңғы бөлігінде орналасады, тілдің ұшы төменгі тістерге тиеді, тілдің ортаңғы бөлігі қатты таңдайға көтеріледі, ерін сәл созылады.

### 9-фонетикалық жаттығу

bi:	di:	si:
bi:	di:n	si:d
bi:t	di:p	si:t

#### Ескерту:

1. Бұл жаттығуды орындағанда, [i:], [i] дыбыстарының позициялық ұзақтылық айырмашылығын ескеру қажет.

[i:], [i] дыбыстарының сапалық айырмашылықтарын ескеру қажет;

2. [a:] – ұзақ, еріндік емес, соңғы қатардың төменгі деңгейдегі монофтонгы. [a:] дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының артқы бөлігінде болады, тілдің артқы бөлігі көтеріңкі, тілдің ұшы төменгі тіске тимейді, еріндер дыбыстауға қатыспайды.

3. [o] – қысқа, еріндік, соңғы қатардың төменгі деңгейдегі монофтонгы. [o] дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының артқы бөлігінде орналасады, тілдің артқы бөлігі сәл көтеріңкі, ауыз кеңінен ашық, ерін дөңгеленеді.

### 11-фонетикалық жаттығу

god – got	od – on	dol – dolz
nod – not	dog – dogz	kok – koks

#### Ескерту:

1 көпше түрдің – s жалғауының қатаң дауыссыздан кейін [s], ұяң дауыссыздан кейін [z] болып оқылуын бақытаңыз.

[u:] – ұзақ, еріндік, соңғы қатардың жоғары деңгейдегі дифтонгоиды. Бұл дауыстыны айтқанда, тіл ауыз қуысының артқы жағында орналасады. Тілдің артқы бөлігі көтеріңкі келеді.

### Мұрындық жарылыс (nasal plosion)

[t], [d] – альвеолдық жарылысты дауыссыздарынан кейін мұрындық сонанттар [n], [m] келсе, олар тұтас айтылады. Альвеолды дауыссыздардан кейін [n], [m] сонанттары келсе, *мұрындық жарылыс құбылысы* болады.

Мысалы: [ga:dn]

### Жарылысты жоғалту

Ағылшын тіліндегі айқасатын дауыссыздар [p], [b], [t], [d], [k], [g] дыбыстарынан кейін басқа бір айқасатын дыбыс немесе аффрикаттар [tʃ] келсе, онда алдыңғы дыбыстар жарылысты жоғалтады. Мысалы: [k] дыбысынан кейін [g] дыбысы келсе, [k] жарылысты жоғалтады. Мысалы: [da:k], [ga: dn].

## 10-фонетикалық жаттығу

ka:	fa:	a:m
ka:m	fa:m	a: t
ka:t	p:a t	a:sk

### Редукция

Көмекші сөздер (шылаулар, одақтар, артикльдер, көмекші және модальдық етістіктер, кейбір есімдіктер екпінсіз жағдайда айтылғанда олардың дауысты дыбыстары өзгеріске ұшырайды: олар анық, дәл айтылмайды. Редукция сандық, сапалық және нөлдік болып бөлінеді. Мысалы: [a: - a- ə].

Сандық редукция кезінде дауысты дыбыстар ұзақтығы ұзарады/қысқарады: bi: - bi. Сапалық редукция кезінде дауысты дыбыстың сапасы өзгереді. Мысалы:ænd - ənd (and)

Нөлдік редукция кезінде дауысты дыбыс мүлдем айтылмайды, оның орнына апостроф белгісі қойылады. Мысалы: I'm busy [aim \bizi]

Редукция құбылысы нәтижесінде көмекші сөздердің екі түрі болады: күшті және әлсіз. Күшті және әлсіз формаларды дұрыс қолдану өте маңызды, ол ағылшын сөйлемінің ритмін сақтауға көмектеседі.

## 12-фонетикалық жаттығу

lu:z - lu:s	nju: - fju:	ju:\a:
mu:d - mu:t	'mju:zik	/a: ju:

[u] – қысқа және еріндік, артқы жоғары деңгейлі қатардың монофтонгы. Бұл дыбысты айтқанда тіл ауыз қуысының артқы бөлігінде болады. Тілдің артқы жағы көтеріңкі. Еріндер сәл дөңгеленеді.

## 13-фонетикалық жаттығу

gud	pul - pu:l	ə → gud \buk
kud	fut - fu:t	→ ə gud \kuk
tuk	put - bu:t	

7. [ə:] – ұзақ, аралас қатардың, орташа деңгейдің монофтонгы, еріндік емес. Бұл дыбысты айтқанда, тіл көтеріңкі, тілдің ұшы төменгі тіске жақын, тістер ашық, жоғары және төменгі тістер аралығы жақын болады.

## 14-фонетикалық жаттығу

sə: - sə:v - sə:f	ə:n	ən → ə:li \bed
fə: - lə:n - nə:s	ə:li	ðə → fə:st \və:b

10. [əu] дифтонгі. Дифтонгтің ядросы [ə] – аралас қатардың орташа деңгейдің дауысты дыбысты, еріндік. Дифтонгты айтқанда, еріндер сәл дөңгеленеді.

## 15-фонетикалық жаттығу

ləu - nəun - nəut	əu sə:	tə:n - təun
gəu - kəul - kəut	əun tə:	bə:n - bəun

## 16-фонетикалық жаттығу

↯ ðis iz ə klok	→ iz ðis ə .gud klok
→ ðis iz ə desk	→ iz ðis ə .ləu desk
ðis iz ði ilevnθ .sentəns	→ ðis iz ði ɛnd.

**Ескерту:** жаттығуды орындағанда хабарлы сөйлемді төмен түсетін тонмен айтылуына және төмен көтеріле-



тін тондағы дауыстың көтерілуіне назар аударыңыз.

Oo [əu], Cc [si:], Ee [i:], Dd [di:], Pp [pi:], Bb [bi:], Rr [a:], Tt [ti:], Vv [vi:] әріптері былай жазылады: Oo, Cc, Ee, Dd, Pp, Bb, Rr, Tt, Vv.

### Буын. Буынның түрлері

Ағылшын алфавиті 26 әріптен, 44 дыбыстан тұрады (20 дауысты, 24 дауыссыз дыбыс). Әріп пен дыбыс санының сай келмеуі дауысты дыбыстардың бірнеше түрде оқылуына әкеліп соғады. Әр дауысты дыбыстың оқылуының кем дегенде 4 түрі бар.

Екпінді буында дауысты әріптің оқылуы буынның түріне байланысты болады.

*Буын* дегеніміз – ең кіші айту бірлігі. Ағылшын тілінде буын бір дауысты немесе дауысты және дауыссыз дыбыс тіркесінен тұрады.

Ағылшын тілінде буынның 4 түрі бар.

- I. Ашық буын;
- II. Жабық буын;
- III. Дауысты дыбыс +r;
- IV. Дауысты дыбыс +re тіркесі бар буындар.

*Ашық буын* – дауысты дыбысқа аяқталатын буын. Дауысты әріп алфавитте қалай оқылса, ашық буында да солай оқылады. Ашық буынның 2 түрі болады.

1. Абсолютті ашық буын;
2. Шартты ашық буын.

Абсолютті ашық буында дауысты әріп қалай айтылса, солай жазылады. Мысалы: me [mi:] no [nəu].

Шартты ашық буында егер буын шартты е әрпіне аяқталса, шартты ашық буын болады. е әрпі оқылмайды, ол буынды шартты ашық буын жасайды. Мысалы: Pete [pi:t], note [nəut].

*Жабық буын.* Дауыссыз әріпке аяқталатын буын жабық буын болады (r әрпінен басқа). Жабық буында дауысты

мықты әріп қысқа айтылады. Мысалы: Pen [pen], spend [spend].

*Дауысты дыбыс +r.* Дауысты әріптен кейін r [a:] тұрса бұл буынның III түріне жатады.

r [a:] әрпі оқылмайды, өзінен алдыңғы дауысты дыбысты ұзартады.

a, o, e, i, y, u дауысты әріптерінің буынның III түрінде оқылуы.

n+r [a:]	o+r [o:]	e+r [ə:]	i+r [i:]	y+r [ə:]	u+r [u:]
park	fork	her	first	myrtle	fur
dark	sort				

*Дауысты дыбыс + re.* Буынның IV түрі графикалық жағынан шартты – ашық буынға ұқсайды. Бұл буында дауысты әріптен кейін re әріп тіркесі келеді.

n+re [eə]	e+re [iə]	u+re [juə]	o+re [o:]
fare [f eə]	here [hiə]	pure [pjue]	more [mo:]

Мына сөздер ереже бойынша оқылмайды, айту жолын жатқа білу керек: are [a:]; there [ðeə]; where [weə]; were [we:]; sure [ʃue].

o, e әріптерінің I, II буынның түрлерінде оқылуы

Әріп	Буынның түрлері	
	I	II
e	[i:] me pete	[e] pen men
o	[əu] no note	[o] on not

-er, or әріптерінің тіркесі нейтралды [ə] болып оқылады. Мысалы: better [ˈbetə], doctor [ˈdɒktə].

**-ld** тіркесінің алдында *o* әрпі тұрса ол [əu] болып оқылады. Мысалы: old [əuld], told [təuld].

**-s** әрпі сөздің басында дауыссыз әріптің алдына және қатаң дауыссыздан кейін [s] болып оқылады. Мысалы: sit [sit], best [best], lips [lips]. **s** әрпі 2 дауысты әріптің ортасында, дауысты әріптен, ұяң дауыссыздан кейін [z] болып оқылады. Мысалы: music ['mju:zik], noses ['nəuzəz], beds [bedz].

**-c** әрпі *e, y, i* әріптерінің алдында [s] болып оқылады, қалған жағдайларда [k] болып оқылады. Мысалы: sent [sent]; cold [kəuld].

**-ck** әріптерінің тіркесі [k] болып оқылады. Мысалы: clock [klok].

### Жаттығулар

I. Төменнен көтерілетін тонды пайдаланып, сұрақтарды оқыңыз.

1) Is this a text? 2) Is this a lesson? 3) Is this a sentence?  
4) Is this a park?

II. Сөздерді оқыңыз.

a lot – lots, a top – tops, a net – nets, a note – notes, a fog – fogs, a fox – foxes, a stick – sticks.

III. Сөздердің транскрипциясын жазыңыз.

a bell – bells, a city – cities, a test – tests, a sentence – sentences.

IV. Мына әріптерді 10-15 рет жазып, есте сақтаңыз.

Oo, Cc, Ee, Dd, Pp, Bb, Rr, Tt, Vv

V. Мына сөздердің транскрипциясын жазып, оқу ережесін түсіндіріңіз.

Best, code, nod, tops, bed, these, cod, sold, mock, spoke, come, bold, enter, cell, motor, dose, doctor.

VI. Үлгілерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.

Үлгі: This is a text

a penny, a sentence, a fox, a car, a clock

VII. Үлгілерді пайдаланып, сөйлем құраңыз.

Үлгі: This isn't a box.

a bed, a city, a pencil, an answer, an oak.

## LESSON FOUR

**Фонетика:** [ h ], [ ] ], дауыссыз дыбыстары. [ æ ], [ o: ], [ ei ], [ ai ] дауысты дыбысы. **Каллиграфия:** Aa, H, Kk, Xx, Zz. **әріптері.**

**Оқу ережелері:** a, i әріптерінің I, II буынның түрлерінің оқылуы. a, o, e, i, y, u әріптерінің III буын түрінде оқылуы. Буынға бөлу ережелері. Екі және көп буынды сөздердегі екпін. **Грамматика:** Жақсыз сөйлем.

1. [ h ] – қатаң, қуыстық, дауыссыз. Бұл дыбысты айтқанда тілдің түбі мен көмей бір-біріне жақындайды [ h ] дыбысы дауысты дыбыстың алдында келеді, және тыныс шығаруға ұқсайды.

### 17-фонетикалық жаттығу

i: - hi:

iz - hiz

a:m - ha:m

a:t - ha:t

hiz hed - hiz ha:t

2. [o:] – ұзақ еріндік соңғы қатардың төменгі деңгейдің еріндік монофтонгы, [o:] дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының артқы бөлігінде орналасады. Тілдің артқы бөлігі жұмсақ таңдайға көтеріледі. [z:] дыбысы ашықтау және еріндік.

3. Егер [s] дыбысынан кейін [p, t, k] дыбыстары келсе олар аспирацияны жоғалтады. Мысалы:

[spot]

## 18-фонетикалық жаттығу

ko: - ko:d - ko:t    o:l    ka:d - ko:d  
so: - so:d - so:t    od    ka:t - ko:t  
fo: - fo:m - fo:k    o:t    pa:t - po:t

**Ескерту:** Жаттығуды орындағанда мыналарға назар аудару керек:

- а) Дауысты дыбыстардың позициялық ұзақтығына;
- ә) [o], [o:] дыбыстарының айтылуындағы айырмашылығына;
- б) Сөздің соңындағы ұзақ дауыссыздардың дұрыс артикуляциясына;
- в) [p], [t], [k] дыбыстарының аспирациясына.

4. [æ] – Жартылай ұзақ, еріндік емес, алдыңғы қатардың, төменгі деңгейдің монофтонгы. [æ] дыбысын айтқанда ауыз толық ашылады, тіл ауыз қуысының алдыңғы бөлігінде болады, тіл тегіс жатады, тек оның ортаңғы бөлігі сәл көтеріңкі тілдің ұшы төменгі тістерде болады. Еріндік сәл созылыңқы. Бұл дыбыс қазақ тіліндегі [ə] дыбысына ұқсас.

## 19-фонетикалық жаттығу

læb - læp    æd    did - ded - dæd    pit - pet - pæt  
kæb - kæp    æt    hid - hed - hæbd    tin - ten - tæbn  
hæd - hæt    æt    sit - set - sæt    pin - pen - pæn

**Ескерту:** жаттығуды орындағанда [i, e, ə] дыбыстарының алдындағы тұрған дауыссыздардың палатализациясының жоқтығына назар аударыңыз.

5. [ei] дифтонгі. Дифтонгтың ядросы – [e] дыбысы. [e] – қысқа, алдыңғы қатардың орташа деңгейдің еріндік емес дауысты дыбысы. Ядроны айтқаннан кейін тіл [i] дыбысын айту үшін жоғары көтеріледі.

## 20-фонетикалық жаттығу

lei - leid - leit    ei  
mei - meid - meit    eid  
sei - seiv - seif    eit

**Ескерту:** Жаттығуды орындағанда

1. Дифтонгтың позициялық ұзақтығына.
2. [ɔ] ұяң дыбысынан кейін келген [k] дыбысының үні болмауына назар аударыңыз.
6. [ai] – дифтонгі. Дифтонгтың ядросы [a] дыбысы. [a] алдыңғы қатардың төменгі деңгейдің, еріндік емес дауысты дыбысы. Дифтонгтың ядросын айтқан кезде тіл ауыздың алдыңғы жағында болады, тегіс жатады, тілдің ұшы төменгі тістерге тиеді, ерін сәл созылады. [a] дыбысы монофтонг түрінде кездеспейді. Ядроны айттып болғаннан кейін тіл [i] дыбысын айту үшін жоғары көтеріледі.

## 21-фонетикалық жаттығу

sai - said - sait    ai    hei - hai  
lai - laid - lait    aiz    mei - mai  
tai - taid - tait    ais    leik - laik

**Ескерту:** Жаттығуды орындағанда:

1. Дифтонгтың екінші элементінің әлсіз айтылуына.
2. Дифтонгтың позициялық ұзақтығына назар аударыңыз.

7. [ʃ] – тіл алды, альвеолды-палаталдық қуыстық дауыссыз. Оны айтқанда тілдің ұшы альвеолда болады, тілдің ортаңғы бөлігі қатты таңдайға көтеріледі. Қазақ тіліндегі [ш], [ж] дыбыстарымен салыстырғанда сәл жұмсақтау айтылады, бұл тілдің ортаңғы бөлігін қатты таңдайға көтеру арқылы жасалады.

## 22-фонетикалық жаттығу

fi:	ʃæl	ʃud
fiʃ	ˈfɪniʃ	ʃæl
fi·iz	fi·iznt	ʃip

**Ескерту:** Жаттығуды орындағанда еске алыңыз: he, she есімдіктерін екпін етін жағдайда сапалық редукцияға ұшырамайды.

Aa [ ei ], Ii [ ai ], Kk [ kei ], Xx [ eks ], Zz [ zed ] әріптері былай жазылады: Aa, Ii, Kk, Xx, Zz.

8. Буынның I, II түрлеріндегі a, i дауысты әріптерінің оқылуы:

Әріп	Буынның түрі	
	I	II
a	[ei] name [neim], lake [leik]	[æ] am [æm], bag [bæg]
i	[ai] like [laik], mine [main]	[i] big [big], bit [bit]

### Буынға бөлу ережесі

9. Сөз айтылғанда тұтас, бірден айтылмайды. Сөздегі дауыстының немесе дауыссыз бен дауысты дыбыстардың бөлшектеліп айтылуын буын дейміз. Ағылшын тілінде сөздерді буынға бөлудің өзіндік ерекшеліктері бар. Екі буыннан тұратын сөздің екпінді буынындағы дауысты әріп бір буынды сөздегі дауысты әріптің оқылу ережесіне бағынады. Бірақ буынның түрін анықтау үшін екпінді және екпінсіз буындарды анықтап алуымыз керек. Буындардың графикалық шекарасын анықтау үшін мынадай ережелерді қолданамыз:

1. Егер екпінді дауысты дыбыстан кейін бір дауыссыз дыбыс (r әрпінен басқа) тұрса, онда ол дауыссыз дыбыс

екпінсіз буынға қалады. Мысалы: *student* ['stju:dənt] ағылшынша, екпінді буын ашық буынға айналып, алдағы дауысты дыбыс I түрдегідей оқылады. Бірақ ағылшын тілінде кейбір екі буынды сөздер бар, оларда екпінді буындағы дауысты дыбыс қысқа оқылады. Мысалы: *city, pity, copy, very*, т.б.

2. Егер екпінді буындағы дауысты дыбыс келесі дауысты дыбыстан 2 немесе одан да көп дауыссыздар және қосарланған r әрпі арқылы бөлініп тұрса, онда бірінші дауыссыз дыбыс бірінші буынға кетеді де, бірінші буынды жабық буынға айналдырады. Бұл жағдайда дауысты дыбыс II түр бойынша оқылады. Мысалы: *dinner* ['dɪnə], *marry* ['mæri]. Егер екі дауыссыз дыбыстың бірі сонант болса, онда буынға бөлу бұл ережеге бағынбайды. Мысалы: *table* [teɪbl], бұл жағдайда **b** дауыссыз дыбыс сонанты жасап тұрған екінші буынға кетеді, бірінші екпінді буын ашық буын ережесімен оқылады.

10. Екі және көп буынды сөздердегі екпін. Ереже бойынша екі буынды ағылшын сөздерінде екпін бірінші буынға түседі (егер бірінші буын мағынасын жоғалтқан префикс болмаса). Мысалы: *dinner* ['dɪnə], *office* ['ɒfɪs]

